

"Тіркелген салықтың бірынғай ставкаларын бекіту туралы" Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 39-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 қаңтарда № 13-4-135 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 29-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 04.07.2018 № 29-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Кодексінің 422-бабының 2-тармағына сәйкес Ақжар аудандық мәслихат **ШЕШІТІ:**

1. "Тіркелген салықтың бірынғай ставкаларын бекіту туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-5 (мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2010 жылғы 6 тамызда № 13-4-106 тіркелген және 2010 жылғы 14 тамызда № 34 "Дала дидары" және "Ақжар - хабар" газетінде жарияланған) аудандық мәслихат шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қосымшаға сәйкес Ақжар ауданының аумағында қызметтің жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бір айда тіркелген салықтың бірынғай ставкаларын белгілеу".

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақжар аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы

E. Жақыпов

Ақжар аудандық
мәслихаттың хатшысы

M. Жұмабаев

КЕЛІСІЛДІ:

Ақжар ауданы бойынша
салық басқармасының бастығы

Ж. Тлеулин

Тіркелген салықтың бірынғай ставкалары

№ п/п	Салық салу объектісінің атауы	Салық салу объектісінің бірлігіне ставкалардың бір айлық мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бильярд үстелі	13
2.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
4.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
5.	Ойын жолы	5
6.	Карт	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК